

**ХАТТАМА №1**

**Қамқоршылар кеңесінің отырысы**

**Өткізілген уақыты:** 24.08.2019ж.

**Төраға:** И.Ж.Жиенбаев

**Хатшы:** Д.А.Мустафаева

**Қамқоршылар кеңесі:** А.К.Султанова

**Қатысқандар:** 15 адам

**Күн тәртібі:**

1. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларының балаларына кеңсе тауарлары мен сөмкені тарату.

2. Түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

1. Мектеп директоры Жиенбаев Ислам Жунусович мектебімізде Республикалық «Мектепке жол» акциясы 01 шілдеден басталғанын, бұл акцияның мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан балаларға қолдан келгенше мектепке керекті киім-кешектермен, оқу құралдармен қамтамасыз ету екенін айтты.

2. Әлеуметтік педагог Мустафаева Динара Амандыковна «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру және өткізу үшін бұйрықтың шыққанын және екі ай көлемінде өтетін ауқымды іс-шараның жоспары түзілгенін, көп балалы отбасы мен аз қамтылған отбасыларды анықтау мақсатында сынып жетекшілермен тығыз жұмыс жүргізіліп қазіргі күнде 72-ге жуық оқушылар бар екені анықталды. Осы оқушыларға көмек көрсетуі үшін Бірқанша мекемелерден қолдау хат жазғанын айтты. Алдағы күндері «Орталық базар» «ІІБ», «Қызыл ай» қоры, «Қада мешіті» көмектесетінін айтты.

Ендігі, бүгінгі мәселе бойынша әкімшіліктен бөлінген кеңсе тауарлары мен сөмкені биыл бірінші сынып табалдырығын аттағалы тұрған балаларға тарату. Сынып жетекшілер тарапынан 7 оқушы көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққаны анықталды. Соны бір ауызбен қай отбасының балаларына беруді шешу.

**Сөз сөйлегендер:**

Қамқоршылар кеңесінің төрайымы Султанова А.К. осы 7 оқушының тек көп балалы отбасынан шыққан балаларға беруді ұсынды. Аз қамтылған отбасылардың тұрмыс жағдайын көріп ата-аналар комитеті тарапынан көмектесетінін айтты.

**Шешімі:**

1. Күн тіртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Жаңа оқу жылына кеңсе тауарлары мен сөмкені бірінші сыныпқа баратын көп балалы отбасыларынан шыққан 72 оқушыға таратылуды шешті.
2. Екінші мәселе бойынша қоңырау кестесі, мектеп формасы, үйірмелер, секция кестелерін қамқоршылар кеңесімен бірге шешіледі.

ҚК төрағасы



Султанова А.К

Хатшысы



Д.А.Мустафаева